

«#ЯМОГУВСЕ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ОҒАН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

1. Акция мақсаттары

«ҚОЛЫМНАН БӘРІ КЕЛЕДІ» жарнамалық акциясы (әрі қарай «Акция») КОТЕХ® сауда белгісіне және «Kotex Ultra Net жайсыз күндерге арналған төсемдер» өніміне қызығушылықты қалыптастыру мен оны сақтау мақсатында белгісіз тұлғалар тобы арасында өткізіледі.

2. Акцияға Тапсырыс беруші / Ұйымдастырушысы туралы мәліметтер

2.1. Акция ұйымдастырушысы: «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС-нің тапсырысы бойынша әрекет ететін, 050060, Алматы қ., ҚР, Төлебаев к-сі № 38/61 мекенжайы бойынша орналасқан «Орепейес DDB» ЖШС (әрі қарай – «Ұйымдастырушы»).

2.2. Акцияға Тапсырыс беруші: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев д-лы, 240В үй мекенжайы бойынша орналасқан «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС (әрі қарай – «Тапсырыс беруші»).

3. Акцияның өткізілу аумағы мен орны

3.1. Акция Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) аумағында өткізіледі;

3.2. Акцияның өткізілу орны – интернеттегі www.mykotex.kz промо-сайты (әрі қарай – «Сайт»).

4. Акцияның өткізілу мерзімі

4.1. Акцияның жалпы өткізілу мерзімі: соңғы күнді қоса 08 қазан 2018 ж. мен 25 желтоқсан 2018 ж. аралығында (әрі қарай «Акция Кезеңі»).

4.2. Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі: 2018 жылдың 8 қазаны мен 2018 жылдың 22 желтоқсаны аралығында Астана қ. уақыты бойынша 23 сағат 59 минутқа дейін.

4.3. Акция Жеңімпаздарын жалпы анықтау мерзімі:

- Смартфондар алуға құқылы Жеңімпаздарды анықтау және Жеңімпаздар туралы ақпаратты mykotex.kz сайтында жариялау күні: 2018 жылдың 15 қарашасы мен 2018 жылдың 25 желтоқсаны.
- Жеңімпаздарға Смартфондарды жалпы тапсыру мерзімі: 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін.
- Ноутбук алуға құқылы Жеңімпазды анықтау күні: 2018 ж. 17 қарашасы.
- Жеңімпазға Ноутбукты тапсыру мерзімі: 2018 жылдың 17 қарашасы.

5. Акция қатысушылары:

5.1. Акцияға ҚР-да тұрақты тұратын, 16 (он алты) жастан асқан әрекет етуге қабілетті Қазақстан Республикасының және ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары – әйел адамдар (әрі қарай «Қатысушылар») қатыса алады.

5.2. Осы Ережелердің 5.1-т., 5.3-т. белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалардың Акцияға қатысу фактісі анықталған жағдайда, Акцияға Тапсырыс беруші оларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) оларға Жұлделер беруден бас тартуға құқылы;

5.3. Акцияға қатысуға келесі тұлғалар жіберілмейді:

- Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушының қызметкерлері;
- Ұйымдастырушымен және Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар;
- Ұйымдастырушымен / Тапсырыс берушімен белгіленген азаматтық-құқықтық және өзге қарым-қатынастардағы және Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері;
- жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар мен ҚР-да тұруға ықтиярхаты жоқ өзге мемлекет азаматтары.

6. Жұлде қоры

6.1. Акцияның жұлде қоры Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаты есебінен құралады және келесі Жұлделер мен Супержұлдеден тұрады:

Атауы	Сипаттамасы	Саны
Жұлде Iphone смартфоны	Iphone X смартфоны	2
Супержұлде Apple MacBook ноутбугы	Apple ноутбугы MacBook 12" Retina, 512 GB, Rose Gold	1

7. Акцияға қатысу шарттары

7.1. Акцияға қатысу үшін осы Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңінде:

7.1.1. www.mykotex.kz сайтына кіру;

7.1.2. «Тіркелу» батырмасын басып, келесі қадамдарды жасау:

- тіркелу жасалатын әлеуметтік желіні таңдау,
- егер ол Instagram әлеуметтік желісі болса, онда қажетті жолда Instagram-дағы жеке профилін көрсету.

7.1.3. Осы Акция Ережелерімен келісу.

7.1.4. Егер Қатысушы конференцияға және Супержұлде Ноутбук ұтыс ойынына қатысуға ниет етсе, қанат белгісін қою.

7.1.5. Сайттың арнайы бөлімінде өз фотосын жүктеу;

7.1.6. Фотоға қойылатын талаптар: көпшілік мақұлдаған мораль мен адамгершілік ережелеріне сәйкес келу. Артқы көрініске Kotex фирмалық белгісін қосу үшін орын қалдыру.

7.1.7. Аватаркалар генераторының көмегімен аватарканы (юзерпикті/әлеуметтік желідегі профилдің суретін) (әрі қарай – «Аватарка») Kotex фирмалық белгісімен бірге жасау;

7.1.8. Оны тіркелуден өткен әлеуметтік желінің Аватаркасы ретінде орналастыру.

7.1.9. Егер Instagram әлеуметтік желісіндегі профильді көрсете отырып тіркелсе, онда Аватарканы #ямогувсе хэштегімен өз профиліне салу;

7.1.10. Әлеуметтік желідегі жеке парақшасында «Парақшаны барлығы көреді» рұқсат ету белгісін қою.

7.1.11. МАҢЫЗДЫ: Instagram әлеуметтік желісінде #ямогувсе хэштегі болмаған жағдайда немесе егер Қатысушының әлеуметтік желілердегі парақшасы Акцияның өткізілу кезеңінде жарияланатын материалдарды көре алмайтындай жабық болатын болса, Қатысушы Акцияға қатыстырылмайды.

7.1.12. МАҢЫЗДЫ: Жасалған Аватарка ұтыс ойынның өткізілу кезеңі аяқталғанға дейін орналастырылуы тиіс;

7.2. Ұйымдастырушы Сайттағы Тіркеу нысаны тиісті түрде толтырылмаған (толық емес немесе дұрыс емес ақпарат енгізілген) Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

7.3. Ұйымдастырушы фотосуреттері көпшілік мақұлдаған мораль мен адамгершілік ережелеріне сәйкес келмейтін Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

7.4. Ұйымдастырушы Акцияға қатысуға Өтінімді осы Ережелердің 4.2-т. көрсетілген кезеңнен ерте/кеш берген Қатысушыларды Акцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

- 7.5. Акцияның өткізілу барысында Акция Қатысушылары алатын жүлделер мен супержүлдеге салық төлеуді Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушы өз бетімен жүзеге асырады.

8. Жүлде - смартфон Жеңімпаздарын анықтау

- 8.1. Ұйымдастырушы Instagram әлеуметтік желісінде хэштег бойынша фотосурет салғандардың және/немесе басқа әлеуметтік желілерде фотосуретпен бөліскендердің және 7-бөлімде көрсетілген әрекеттер жиынтығын орындағандардың барлығын қадағалап отырады.
- 8.2. 7-бөлімде көрсетілген Акция шарттарын орындаған барлық қатысушылар арасында Смартфон ұтыс ойыны екі кезеңмен өткізіледі.
- 8.3. Смартфон ұтыс ойынының Жеңімпаздарын анықтау кездейсоқ іріктеу арқылы жеңімпаздарды анықтайтын арнайы компьютерлік бағдарламаны пайдалана отырып, құрамында Акцияға Тапсырыс беруші атынан кем дегенде бір өкіл және Ұйымдастырушы атынан кем дегенде бір өкіл болатын комиссияның қатысуымен (әрі қарай – «Комиссия») жасалады.
Ұтыс ойынның 1-ші кезеңінің нәтижелері бойынша 1 Жеңімпаз (әрі қарай – «**Жеңімпаз**») анықталады, оның деректері 2018 жылдың 15 қарашасында сайтта жарияланады. Ұтыс ойынның 2-ші кезеңінің нәтижелері бойынша 1 Жеңімпаз (әрі қарай – «**Жеңімпаз**») анықталады, осы Ережелерде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, оның деректері 2018 жылдың 25 желтоқсанында сайтта жарияланады
- 8.4. Жеңімпазды анықтағаннан кейін Ұйымдастырушының өкілдері ұтыс ойынның Жеңімпазымен хабарласатын болады. Егер Ұйымдастырушының өкілдері қандай да бір себептермен (телефон байланыс аясынан тыс жерде болса немесе жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе), сондай-ақ осы Ережелерде ескертілген басқа жағдайларда Жеңімпазды анықтаған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде Жеңімпазға қоңырау шала алмаса, Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады, ал Жүлде Ережелердің осы бөлімінде қарастырылған тәртіппен қайта ойнатылатын болады. Жаңа Жеңімпазбен байланыс болмаған жағдайда, Жүлде Ережелердің осы бөлімінде қарастырылған тәртіппен анықталған келесі Жеңімпазға өтеді.
- 8.5. Жеңімпаздардың аттары Сайттағы «Жеңімпаздар» бөлімінде 2018 ж. 15 қарашасы мен 2018 ж. 25 желтоқсанынан кешіктірмей жариялануы тиіс.
- 8.6. Осы Ережелердің 8.4-т. көрсетілген жағдайда, Жеңімпаздардың аттары жаңа Жеңімпаздармен байланыс орнатылған және оларға Ұтыс ойынның нәтижелері туралы хабарланған сәттен бастап екі күннен кешіктірмей Сайттағы «Жеңімпаздар» бөлімінде жариялануы тиіс.

9. Жүлдені - Смартфонды жалпы алу мерзімі

9.1. Осы Ережелердің 6.1-тармағында көрсетілген Жүлдені, атап айтқанда Смартфонды алу үшін Жеңімпаз оған ұтысы туралы хабарланған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Ұйымдастырушыға электрондық пошта арқылы келесі ақпаратты беруі тиіс:

- Жеңімпазды Тегі, Аты, Әкесінің аты;
- Жеңімпаздың ЖСН міндетті түрде көрсетілген жеке куәлігінің екі жағының да көшірмесі;
- Жеңімпаздың электрондық адресі;
- Жеңімпаздың нақты тұрғылықты мекенжайы;
Құжаттардың көшірмелері, ондағы әріптер мен сандар айқын көрінуі тиіс.

9.2. Жеңімпаз осы Ережелердің 9.1-тармағында көрсетілген құжаттарды/ақпаратты берген күннен бастап 2018 ж. 31 желтоқсаны аралығындағы кезеңде Жеңімпазға Жүлде тапсырылады;

Смартфон Жүлдесі Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен Ұйымдастырушының күшімен жеткізіледі.

10. СуперЖүлде – Ноутбук Жеңімпаздарын анықтау

10.1. Ұйымдастырушы Instagram әлеуметтік желісінде хэштег бойынша фотосурет салғандардың және/немесе басқа әлеуметтік желілерде фотосуретпен бөліскендердің және 7-бөлімде көрсетілген әрекеттер жиынтығын орындағандардың барлығын қадағалап отырады.

10.2. СуперЖүлде ұтыс ойыны Тапсырыс беруші ұйымдастырған конференция кезінде, 2018 жылдың 17 қарашасында өткізілетін болады. Конференцияға Акция Қатысушыларының кез келгені қатыса алады. Конференцияға қатысатын қатысушылар саны залдың сыйымдылығымен – 220 адаммен шектелген. Конференцияның өткізілу орны мен уақыты туралы Ұйымдастырушы Сайтта тиісті ақпарат орналастыру арқылы қосымша хабарлайды. Егер конференцияға келген Акция Қатысушыларының саны 220 адамнан асып кетсе, Акция Ұйымдастырушылары Конференцияға қатыстырудан бас тартуға құқылы.

10.3. Конференцияның өткізілу орнында Қатысушыларға нөмірі бар талондар берілетін болады, оларды конференция аяқталғанға дейін сақтау қажет.

10.4. Жеңімпазды конференцияның бас қонағы конференция кезінде тікелей эфирде электронды кездейсоқ сандар генераторын пайдалана отырып, талон нөмірін кездейсоқ таңдау арқылы анықтайды.

10.5. Жүлдені алу үшін Жеңімпазда жеке куәлігінің түпнұсқасы болуы тиіс.

10.6. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де Қатысушылардың конференция өтетін жерге дейінгі жол ақыларына байланысты шығындарын өтемейді.

11. Акцияның өткізілуі туралы хабарлау тәртібі

11.1. Акция туралы хабарлау Сайтта тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жасалады.

11.2. Ұйымдастырушы өткізілетін Акция туралы қосымша хабарлау құралдарын пайдалануға құқылы.

12. Жеке деректер

12.1. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, нақты және өзекті (анық) деректерді көрсетуге міндеттенеді, сондай-ақ өз еркімен және өз мүддесімен әрекет ете отырып, Ұйымдастырушы мен Оператордың келесі талаптар бойынша өзінің жеке деректерін өңдеуіне келісімін береді: осы Акцияны өткізуге байланысты жеке деректерді тек Ұйымдастырушы мен Оператор ғана пайдаланатын болады және осы Акциямен байланысы жоқ мақсаттарда ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейтін болады.

12.2. Жеке деректермен келесі әрекеттерді жасау үшін келісім беріледі: Қазақстан Республикасының заңнамасында, атап айтқанда ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында және осы Ережелерде қарастырылған жағдайлар мен көлемде жинау, өңдеу, пайдалану, тарату.

12.3. Қатысушылар Акцияға қатыса отырып, Ұйымдастырушыға Акцияның өткізілу мақсаты үшін өз еркімен берген жеке деректерін Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші, сондай-ақ олар уәкілеттік еткен тұлғалар деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып, өңдейтініне өз келісімдерін береді.

12.4. Қатысушының Келісімін қайтарып алуы туралы хабарлама алған жағдайда, Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші және(немесе) олар уәкілеттік еткен тұлғалар осындай Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және қайтарып алу түскен күннен бастап он жұмыс күннен аспайтын мерзімде жеке деректерді жояды. Бұл ретте Қатысушының Акцияға әрі қарай қатысуы және оның Жүлдені алуы мүмкін емес.

- 12.5. Жеке деректерді өңдеуге берілетін келісімді Акция Қатысушысы осы Акция Ережелерінің 3.4-тармағында көрсетілген Акцияның жалпы өткізілу мерзіміне береді.
- 12.6. Акция Қатысушыларының жеке деректері Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес құпиялылық талаптарымен сақталып, өңделеді.
- 12.7. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, өз еркімен және өз мүддесі бойынша әрекет ете отырып, жасалған Аватаркаларды және/немесе Сайтта жүктелген фотосуреттерді www.mukotex.kz сайтында Қазақстанның бүкіл аумағында кез келген маркетингтік белсенділіктерде Ұйымдастырушы мен Тапсырыс берушінің пайдалануына, шексіз адамдар тобына сыртқы және интернет (бейне/баннер) жарнамада пайдалануын қоса келісін береді. Аватаркалар мен жүктелген фотосуреттерді осы Акцияны өткізуге байланысты тек Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші ғана пайдаланатын болады және осы Акциямен байланысы жоқ мақсаттарда ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейтін болады.
- Қатысушы Акцияға қатыса отырып, өз еркімен және өз мүддесі бойынша әрекет ете отырып, Ұйымдастырушы мен Тапсырыс берушінің 2018 жылдың 17 қарашасында болатын ішараның бейнематериалдарын Қазақстанның бүкіл аумағында кез келген маркетингтік белсенділіктерде пайдалануына, шексіз адамдар тобына сыртқы және интернет (бейне/баннер) жарнамада пайдалануын қоса келісін береді.

12. Өзге шарттар

- 12.1. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, Акцияның бүкіл өткізілу Ережелерімен және оған қатысу шарттарымен танысқанын және келісім бергенін растайды, соның ішінде оны Акция Жеңімпазы деп мойындаған жағдайда, Жеңімпаз ретінде мойындау фактісі, оның тегі, аты, әкесінің аты мен тұрғылықты қаласы туралы ақпаратты Ұйымдастырушының жариялайтынына келісім бергенін растайды.
- 12.2. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс берушіде де төмендегілер үшін жауапты болмайды:
- Қатысушылардың Акцияға қатысуы мен Жұлделерді алуына байланысты міндеттерін орындамағаны (уақтылы орындамағаны);
 - Қатысушылардың Акцияның өткізілу ережелерімен және оған қатысу шарттарымен таныспағаны, сондай-ақ олардың Акцияның өткізілу нәтижелерімен таныспағаны;
 - Қатысушылардан хаттар, қоңыраулар, факсимильдік және/немесе электрондық хабарламалар алмағаны, соның ішінде Акцияның өткізілу кезінде пайдаланылатын пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кесірінен, техникалық мәселелер және/немесе Интернет желісінде және/немесе байланыс арналарындағы алаяқтық нәтижесінде алмағаны;
 - Қатысушылардан Жұлделер алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны (уақтылы алмағаны);
 - Қатысушылардан Акцияны өткізу мен Жұлделерді беру мақсатында қажетті толық емес және/немесе қате байланыс және/немесе өзге мәліметтерді алғаны;
- 12.3. Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші Акцияның өткізілу шарттарын өз бетімен өзгертуге құқылы. Мұндай өзгертулер Сайтта жариялануы тиіс
- 12.4. Акцияны өткізуге байланысты барлық мәселелер бойынша Акция Ұйымдастырушысының шешімдері ақырғы болып есептеледі. Акцияның дер кезінде өткізілуіне немесе оның кезеңдеріне әсерін тигізуі мүмкін жағдайлар туындайтын болса, Акцияны өткізу шарттары Ұйымдастырушы мен оның қызметкерлері немесе Акцияны өткізу үшін тартылған үшінші тұлғалар тарапынан, сондай-ақ Акция қатысушылары тарапынан бұзылған жағдайда, сондай-ақ Тапсырыс берушінің іскерлік беделіне, Kotex® сауда белгісінің және/немесе Kotex® сауда белгісі бар өнімнің бедел келбетіне зиян келтіруі мүмкін өзге жағдайлар туындайтын болса, Ұйымдастырушы бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға міндеттеледі.
- 12.5. Қатысушы өзі көрсеткен әлеуметтік желілердегі аккаунттарды өзі жеке тіркегенін және ол тиісті әлеуметтік желінің пайдаланушы келісін жасасқан тіркелген

пайдаланушысы болып табылатынына кепілдік береді. Осындай аккаунттың Қатысушыға тиесілі екеніне, оның заңға сәйкес пайдаланылатынына және т. с. с. қатысты үшінші тұлғалар тарабынан қандай да бір даулар туындаған жағдайда, мұндай Қатысушыны Жұлделер ұтыс ойынынан шығару, сондай-ақ егер осындай Қатысушы Жеңімпаз деп танылса, оған Жұлдені беру құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады. Қатысушы Ережелердің осы тармағында қарастырылған міндеттемелер мен кепілдіктердің бұзылуы нәтижесінде туындаған барлық залалдарды, шығындарды Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге өтеп беруге міндетті.

- 12.6. Қатысушы осы Ережелердің 7.1.5-т. көрсетілген фотосуреттің жалғыз авторы (құқық иесі) болып табылатынына немесе фотосуретті пайдалануға айрықша құқықтарға ие екеніне; фотосуретті ұсына отырып, ол кез келген басқа үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарын бұзбайтына; осы фотосуретке берілген құқықтардың қандай да бір ауыртпалықтары немесе шектеулерінің жоқтығына, ешкімге берілмегеніне, меншіктен шығарылмағанына, басқаға берілмегеніне, кепілге қойылмағанына, фотосуретке берілетін құқықтарға қатысты ешқандай даулардың, қуыным арыздардың немесе үшінші тұлғалардың қандай да бір наразылықтарының жоқтығына және олар үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан азат екеніне кепілдік береді. Қатысушы осындай құқықтарды бұзғаны үшін, соның ішінде кез келген адамның суретін немесе фотосуреттегі авторлық құқық нысандарын заңсыз пайдаланғаны үшін өз бетімен және толығымен заңды түрде жауап береді. Қатысушылардың фотосуретін кез келген маркетингтік белсенділіктерде қолдану кезеңін шектеместен және ешқандай сыйақы төлеместен пайдалану құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.